

**"Абай облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 154 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 179 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 қыркүйекте № 328-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Абай облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 154 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 121-18 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай облысы әкімі*

*Н. Уранхаев*